

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

Құмарғалиева Анель Айбекқызы

Реакторлық процесс үшін АБЖ әзірлеу

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7M07101 – Автоматтандыру және роботтандыру

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институты

ӘОЖ 681.5:66.011 (043)


Қолжазба құқығында

Құмарғалиева Анель Айбекқызы

Магистр академиялық дәрежесін алу үшін
МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Диссертацияның атауы
Дайындау бағыты


Реакторлық процесс үшін АБЖ әзірлеу
7M07101 – Автоматтандыру және роботтандыру

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. кандидаты
қауымдастырылған профессор
 Орынбет М. М.
(қолы)

«19» маусым 2025 ж.

Рецензент
к.т.н., доцент
 Туманов И. Е.
(қолы)

«19» маусым 2025 ж.

Норма бақылаушы
техн. ғыл. магистрі
 Манатов Қ. А.
(қолы)

«19» маусым 2025 ж.



Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институты

Автоматтандыру және басқару кафедрасы

7M07101 – Автоматтандыру және роботтандыру



Магистрлік диссертацияны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Магистрант Құмарғалиева А.А.

Тақырыбы «Реакторлық процесс үшін АБЖ әзірлеу»

Жаутиков Б. 2023 жылғы «04» желтоқсан № 548-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған диссертацияны тапсыру мерзімі «19» маусым 2025 ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: Периодты типтегі химиялық реактор кірісіндегі концентрация, температура және ағым жылдамдығы бастапқы шарттары.

Магистрлік диссертацияда әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

- а) технологиялық бөліктің сипаттамасы;
- ә) автоматты басқару жүйесінің құрылымдық схемасын әзірлеу;
- б) процесті басқару жүйесін автоматтандырудың функционалдық схемасын әзірлеу;
- в) есептеу бөлігі;
- г) басқару бағдарламасын әзірлеу.

График материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

Периодты эрекеттегі химиялық реактордың автоматтандырудың функционалды схемасы.


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1 Огузов А.Д. Автоматизация химико-технологических процессов. — М.: Химия, 2010. — 288 б. — Б. 45–98.
- 2 Крутько В.С., Чечеткин В.Н. Системы автоматического управления. — СПб.: Питер, 2007. — 384 б. — Б. 120–175.
- 3 MathWorks Inc. MATLAB and Simulink User's Guide. — Natick, MA, USA: The MathWorks, 2023. — [Электрондық ресурс]. — Б. 210–260.

Магистрлік диссертацияны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы.	13.02.2024 ж.	
Технологиялық бөлім Химиялық реакторлар туралы мәліметтер, автоматтандырылған басқару жүйелері, PID реттегіш теориясы.	07.03.2024 ж.	
Технологиялық бөлім Жылу балансы, температура теңдеуі, басқару объектілерінің сипаттамалары.	23.11.2024 ж.	
Есептеу бөлімі Simulink PID реттегіш құру, панельдермен интеграция.	14.12.2024 ж.	
Есептеу бөлімі Модельдеу нәтижелері, жүйенің тиімділігі, практикалық маңызы.	19.02.2025 ж.	

Аяқталған магистрлік диссертация үшін, оған қатысты бөлімдердегі диссертациялар кеңесшілері мен норма бақылаушысының қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Орынбет М. М. техн. ғыл. кандидаты қауымдастырылған профессор	19.06.2025	
Есептік бөлім	Орынбет М. М. техн. ғыл. кандидаты қауымдастырылған профессор	19.06.2025	
Норма бақылаушы	Манатов Қ. А. техн. ғыл. магистрі	19.06.2025	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні


қолы

қолы

Орынбет М.М.

Құмарғалиева А.А.

«10» 12 2023 ж.

АНДАТПА

Бұл магистрлік диссертацияда реакторлық процесті басқаруға арналған автоматтандырылған басқару жүйесін әзірлеу мәселесі қарастырылады. Зерттеу барысында химиялық реакторлардың технологиялық ерекшеліктері талданып, процесті тиімді басқаруға мүмкіндік беретін басқару құрылымы ұсынылды. Автоматтандыру жүйесінің негізгі элементтері мен техникалық талаптары анықталды.

Зерттеу нәтижелері реакторлық процестерді тиімді әр сенімді автоматтандырудың жолдарын көрсетуге мүмкіндік берді. Ұсынылған басқару жүйесі өндірістегі процестердің қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға бағытталған. Жұмыстың нәтижелері химиялық өндірісті автоматтандыру саласында қолдануға жарамды.

АННОТАЦИЯ

В данной магистерской диссертации рассматривается проблема разработки автоматизированной системы управления для управления реакторным процессом. В ходе исследования были проанализированы технологические особенности химических реакторов и предложена структура управления, позволяющая эффективно управлять процессом. Определены основные элементы и технические требования системы автоматизации.

Результаты исследования позволили показать способы эффективной автоматизации реакторных процессов. Предлагаемая система управления направлена на повышение безопасности и производительности процессов на производстве. Результаты работы подходят для применения в области автоматизации химического производства.

ANNOTATION

This master's thesis examines the problem of developing an automated control system for controlling the reactor process. In the course of the study, the technological features of chemical reactors were analyzed and a control structure was proposed that makes it possible to effectively manage the process. The main elements and technical requirements of the automation system are defined.

The results of the study allowed us to show ways to effectively automate reactor processes. The proposed management system is aimed at improving the safety and productivity of production processes. The results of the work are suitable for applications in the field of chemical production automation.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Реакторлық процестердің жалпы сипаттамасы	8
1.2 Химиялық реакторлардың жұмыс принциптері мен түрлері	9
1.3 Реакторлық қондырғының құрылымдық схемасы	17
1.4 Негізгі технологиялық параметрлер мен олардың әсері	20
1.5 Реакторлық процестегі типтік басқару мәселелері	23
2 Арнайы бөлім	26
2.1 Реакторлық процестің физикалық-математикалық моделі	26
2.2 Басқару объектісінің модельдік сипаттамасы	31
2.3 Автоматтандырылған басқару жүйесінің құрылымы	37
2.4 MATLAB/Simulink ортасында модельдеу	38
2.5 Модельдеу нәтижелері мен талдау	40
3 Есептік бөлім	42
3.1 Реакторлық процестің математикалық моделі және жұмыс нүктесін анықтау	42
3.2 Күй кеңістігінде сызықтық модель құру	44
3.3 Ашық жүйенің орнықтылығын талдау	46
3.4 ПИД-реттегіш негізінде басқару жүйесін синтездеу	48
3.5 Имитациялық модельдеу және нәтижелерді талдау	50
Қорытынды	54
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	55

КІРІСПЕ

Жобаның мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты реакторлық процесстерді автоматтандыру болып табылады. Реакторлық процесстерді қарастырып және оның түрлерін бөліп, соның ішінде жеке химиялық реакторлардағы процесстердің математикалық моделін құрастырып, автоматтандыру сұлбасын жасау болып табылады.

Жобаның міндеті. Реакторлық процесстерді автоматтандыра отырып, қоршаған ортаға деген кері әсерін төмендету, шығындарды азайту, жұмысты жеңілдету деген сияқты талаптарға сай келуін қамтамасыз ету.

Тақырыптың өзектілігі. Заводтарда адамның жұмысын жеңілдету және жақсарту үшін және қолайлы болу үшін қазіргі кездегі өзекті мәселе ол реакторлық процесстерді автоматтандыру болып келеді. Қазіргі уақытта реакторлық процесстермен жұмыс жасап, оларды пайдалану, шығынды азайтып және жұмыстың сапасын жоғары деңгейде мейлінше ұзақ сақталуын сонымен қатар адам денсаулығын қорғау үшін автоматты реакторларды пайдаланған жөн. Себебі реакторлармен жұмыс жасаған кезде аса дәлдікті, ұқыптылықты талап етеді. Жалпы реакторлық процесстерді автоматтандыру адамды ауыр және физикалық еңбектің көптеген бөлігінен босатып қана қоймайды, сонымен қатар өндірісте адамның қолынан келмейтін жылдамдықпен, дәлдікпен, сенімділікпен және үнемділікпен жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

Жұмыстың тапсырмасы мен міндеттері. Бірінші тарауда жалпы реакторлар туралы жалпы мәлімет қарастырылған. Реактордың жұмыс принципі және реактордың конструкциясының құрылуы сипатталады. Реакторларды құрастырудағы конструкциясына арналған материалдар және олардың түрлеріне де көңіл бөлінген. Реактордың құрылғылары және реакторлық процесстер туралы толық ақпарат айтылып өткен. Реакторлардың химиялық, ядролық және биологиялық процесстері туралы жазамыз.

Екінші тарауда реакторлық процесстердің ішіндегі, химиялық реакторға жеке тоқталып, оның құрамы, тиімділігі, адам өміріндегі маңыздылығы жөніне жұмыс жасау принципі толықтай келтірілген. Және оның функционалдық сұлбасы сызылып, сипатталады. Жалпы химиялық реактордың құрылысы көрсетіледі.

Үшінші тарауда химиялық реактордың автоматты реттеу жүйесін әзірлеу туралы есептеулер жүргізіліп, автоматты басқару жүйесі химиялық реактордың математикалық моделі құрылып, оны Matlab бағдарламасында Simulink пакетінде модель жинаған болатынын. Осыдан барлық нәтижесін график түрінде аламыз.

1 Технологиялық бөлімі

1.1 Реакторлық процестердің жалпы сипаттамасы

Автоматтандыру – өндірісте техникалық құрал жабдықтарды, машиналарды, энергияларды, әр түрлі материалдарды және ақпарттарды алу, пайдалану, көптеген процестерді адамның қатысуынан босататын басқару жүйесі дейміз. Былайша айтқанда автоматтандыру – адамның өнеркәсіпте жұмысын жеңілдету үшін пайдаланылады.

Автоматтандыру термині, бұрынғы "Автоматты" сөзіне негізделген, 1947 жылға дейін Форд автоматтандыру бөлімін құрғанға дейін кеңінен қолданылмады. Дәл осы уақытта индустрия 1930 жылдары енгізілген кері байланыс контроллерлерін тез қабылдады.


Жалпы алғанда автоматтандырудың ең басты мақсаттарының бірі – еңбектің өнімділігін арттыру және өнімнің сапасын жақсарту, басқарылатын жұмыстардың барлығын тиімділендіру, адамның денсаулығына зиян келтіретін жұмыстан босату. Автоматтандыру ғылымдағы ең үлкен прогресстердің басты бір бағыты болып табылады.

Реактор дегеніміз – көптеген реакциялар негізінде жұмыс істейтін құрылғы болып табылады. Реактор – вертикалды цилиндрлік ыдыс, риформинг, гидротазарту, каталитикалық крекинг, гидрокрекинг және т.б. қондырғыларды жинақтау үшін арналған, физикалық, химиялық және биологиялық реакциялардың жүруіне арналған құрылғы. Қысым арқылы жұмыс жасайды.

Реакторлардың барлығы болат корпустан, реакцияға түскен өнімдерді қайта өңдеуге арналған дистрибьюторы бар фитингтен, реакция өнімдерін шығаруға арналған фитингтен, тірек торынан тұрады. Оған әдетте фарфордан жасалған шарлардың 3 қабаты орналастырылады. Ең үлкен бірінші қабаттың диаметрі 20 мм, содан кейін 13 мм, ал ең кішісінің диаметрі 6 мм. Содан кейін катализатор толтырылады. Катализатор ретінде синтетикалық алюминий силикаттары, күміс, никель және басқалары қолданылады.

Катализатор материалы реактор қатысатын процесстерге байланысты. Катализатордың үстіне диаметрлері 16 дан 20 мм-ге дейін жететін фарфор шарларының тағы да бір қабаты құйылады. Катализаторды шығару және жүктеу үшін реакторда арнайы люк болады, ол ревизия және жөндеу жұмыстары кезінде де қолданыла береді. Тірек сақиналары аппаратты, яғни реакторды құрылыстағы конструкцияға бекіту үшін қолданылады. Реакторлардың корпусы болаттан жасалынған және ішкі жағында өте жоғары температураға төзімді таркрет бетонымен қапталған, оның қалыңдығы әдетте 150 мм болады. Катализатордың басты міндеттерінің бірі мақсатты өнімдердің шикізат бірлігінен шығуын арттыру арқылы жүретін химиялық реакциялардың селективтілігін арттыру. Катализатор қабатынан өткеннен кейін реакция өнімдері фитинг арқылы шығарылады. Мұнай өңдеу зауыттарында өолданылатын реакторлардың дизайны әр түрлі және олар

қолданылатын процесске байланысты бөлінеді. 1.1-суретте периодты типтегі химиялық реактордың сұлбасы көрсетілген.



1.1 - сурет - Реактор

1.1.1 Реакторлық процестердің маңызы мен қолдану аясы

Реакторлық процестер – химиялық, мұнай-химиялық, фармацевтикалық және биотехнологиялық өндірістердің негізін құрайтын маңызды технологиялық кезеңдердің бірі. Бұл процестерде бастапқы заттар (реагенттер) белгілі бір физикалық-химиялық жағдайларда әрекеттесіп, қажетті өнімдерге айналады. Реактор — осындай процестер жүретін негізгі құрылғы, сондықтан оның жұмысы өндірістің жалпы тиімділігіне, өнім сапасына және экономикалық көрсеткіштерге тікелей әсер етеді.

Реакторлық процестердің маңыздылығы – олардың көмегімен әртүрлі заттар синтезделіп, халық шаруашылығының көптеген салалары үшін маңызды өнімдер алынады. Мысалы, аммиак, метанол, күкірт қышқылы, полимерлер мен тыңайтқыштар сияқты заттар дәл осы реакторлық жағдайда алынады. Сонымен қатар, реакторлық технологиялар энергия өндіру, қалдықтарды өңдеу және қоршаған ортаны қорғау салаларында да кеңінен қолданылады.

Қолдану аясына қарай реакторлар әртүрлі мақсаттарға бейімделіп жобаланады: химиялық зауыттарда — негізгі өнім алу үшін, фармацевтикада — биохимиялық реакцияларды жүзеге асыру үшін, ал мұнай өңдеуде — көмірсутек шикізатын қайта өңдеу үшін пайдаланылады. Бұл процестердің күрделілігі мен жоғары температура, қысым сияқты параметрлерге тәуелділігі оларды басқаруды автоматтандыруды қажет етеді. Демек, реакторлық процестер – қазіргі заманғы өндірістердің негізгі түйіні ретінде

қарастырылып, олардың дұрыс ұйымдастырылуы бүкіл технологиялық тізбектің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді.

1.1.2 Реакция түрлері мен олардың ерекшеліктері

Реакторлық процестердің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жүргізілетін химиялық реакциялардың түрлері мен олардың ерекшеліктерін нақты түсіну қажет. Химиялық реакциялар сипатына қарай әртүрлі болып келеді және олардың жүру механизмдері, жылдамдығы, энергия тұтынуы мен өнім шығымына айтарлықтай әсер етеді. Реакция түрін дұрыс анықтау — басқару жүйесінің параметрлерін тиімді таңдауға, сондай-ақ басқару алгоритмдерін дұрыс жобалауға мүмкіндік береді.

Химиялық реакциялар негізінен гомогенді және гетерогенді болып екіге бөлінеді. Гомогенді реакциялар – барлық реагенттер бір фазада (әдетте газ немесе сұйық) болатын реакциялар. Бұл типтегі процестерде масса және жылу тасымалы біркелкі жүреді, реакция жылдамдығы көбіне температура мен концентрацияға тәуелді болады. Гетерогенді реакциялар – әртүрлі фазаларда жүретін процестер (мысалы, газ–қатты, сұйық–қатты жүйелер). Бұл жағдайда масса алмасу беткі қабаттарда жүреді, сондықтан диффузиялық шектеулер мен катализатордың қасиеттері үлкен рөл атқарады.

Реакциялар жылдамдығы бойынша да тез жүретін (мысалы, нейтрализация) және баяу жүретін (мысалы, газды диффузиямен шектелетін) реакциялар болып бөлінеді. Сонымен қатар, реакциялар экзотермиялық (жылу бөледі) және эндотермиялық (жылу сіңіреді) сипатта болуы мүмкін, бұл да басқару жүйесі арқылы температураны тұрақты ұстау қажеттілігін тудырады. Көп сатылы немесе параллель реакциялар жағдайында аралық өнімдердің пайда болуы реакторда жүретін процесті күрделендіреді, сондықтан модельдеу мен басқару алгоритмдері нақты таңдалуы тиіс.

Осылайша, реакция түрлерін терең түсіну – реакторлық процесті басқарудың негізі болып табылады. Реакцияның механизмі мен кинетикасына байланысты басқару жүйесінің құрылымы, сенсорлар түрі және реттеу параметрлері таңдалады. Бұл факторлар өндіріс тиімділігіне, өнімнің сапасына және ресурстарды үнемдеуге тікелей ықпал етеді. 1.2-суретте лабораторияларда қолданылатын химиялық реактордың сұлбасы бейгеленген.



1.2 - сурет - Лабораториялық реактор

1.1.3 Технологиялық параметрлерге әсер ететін факторлар

Реакторлық процестердің тиімділігі мен тұрақтылығы көп жағдайда негізгі технологиялық параметрлердің — температура, қысым, реагенттер концентрациясы мен ағын жылдамдығы — тұрақты және дәл реттелуіне байланысты. Бұл параметрлердің әрқайсысы процестің термодинамикалық және кинетикалық сипатына әсер етеді, сондықтан оларды басқарудағы кез келген ауытқу өнім сапасының төмендеуіне немесе қауіпті жағдайлардың туындауына алып келуі мүмкін.

Температура — химиялық реакция жылдамдығына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Көптеген реакциялар үшін температура жоғарылаған сайын реакция жылдамдығы да артады. Алайда температураның шектен тыс көтерілуі жанама реакциялардың жүруіне немесе катализатордың белсенділігінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан температураны белгілі бір диапозонда дәл ұстап тұру — басқару жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қысым да көптеген реакторлық процестер үшін шешуші рөл атқарады, әсіресе газ фазасындағы реакцияларда. Қысымның өзгеруі газ көлеміне, реакция тепе-теңдігіне және реагенттердің ерігіштігіне әсер етеді. Мысалы, аммиак синтезі кезінде жоғары қысым қажет, себебі бұл реакция теңгерімділікті өнім бағытына ығыстырады. Қысым тұрақсыз болса, процестің тиімділігі айтарлықтай төмендейді.

Концентрация — реагенттердің бастапқы мөлшеріне және олардың арақатынасына тәуелді. Реакция жылдамдығы көбіне бастапқы заттардың концентрациясымен анықталады, сондықтан бұл параметрді дәл бақылау өнім шығымын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, реагенттер ағынының жылдамдығы мен араластыру деңгейі де масса және жылу тасымалдау процестеріне әсер етеді, бұл өз кезегінде реактордың ішкі ортасының біртектілігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Осы параметрлердің өзара байланысы мен оларға әсер ететін сыртқы факторлар (мысалы, қоршаған ортаның температурасы, шикізат сапасы немесе жабдықтың тозуы) да ескерілмесе, жүйенің жұмысы бұзылып, апаттық

жағдайлар тууы мүмкін. Сондықтан реакторлық процестерде осы технологиялық параметрлерді нақты бақылап, автоматты түрде басқару — қауіпсіз және тиімді өндірістің басты шарты болып саналады.

Көптеген өнеркәсіптік қондырғылар қысыммен жұмыс істейді, сондықтан зертханалық зерттеулер кезінде жоғары/орташа қысымды ұстап тұру қажет. Реактордағы жұмыс қысымын таңдау химиялық реакция түріне, реагенттердің агрегаттық күйіне байланысты. Қысыммен жұмыс істейтін реакторлар жоғары қауіпсіздік техникасын қажет етеді. Мұндай құрылғыларды өндірушілер шығарылатын өнімнің сапасын мұқият бақылайды.

1.2 Химиялық реакторлардың жұмыс принциптері мен түрлері

1.2.1 Үздіксіз және мерзімді реакторлар

Реакторлардың жұмыс режимі олардың қолдану мақсатына, өндірістік қуаттылығына және қажетті өнім сапасына қарай таңдалады. Негізгі екі жұмыс режимі бар: мерзімді (периодтық) және үздіксіз (тұрақты ағынды). Бұл режимдердің әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен шектеулері бар, және оларды таңдау технологиялық процестің ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады.

Мерзімді реакторлар (batch reactor) — бастапқы реагенттер реакторға бір уақытта енгізіліп, белгілі бір уақыт ішінде реакция толық аяқталған соң, алынған өнім шығарылады. Мұндай реакторларда барлық процесс бір цикл бойынша жүреді: толтыру, реакция, босату және тазалау. Бұл режим, әдетте, кішігірім өндірістерде, фармацевтикалық және биотехнологиялық салаларда, сондай-ақ зертханалық жағдайда жиі қолданылады. Мерзімді реакторлардың артықшылығы — олар икемді, әртүрлі өнімдерге бейімделуі оңай, ал кемшілігі — өнімділігі шектеулі және процестің автоматтандырылуы күрделірек.

Үздіксіз реакторлар (continuous reactor) — реагенттер реакторға үздіксіз беріледі және өнім сол уақытта үздіксіз шығарылады. Бұл режим өнеркәсіптік масштабтағы, жоғары өнімді өндірістер үшін тиімді болып табылады. Үздіксіз реакторларда процестер бірқалыпты жүреді, өнім сапасы тұрақты сақталады және ресурстар тиімді пайдаланылады. Сонымен қатар, мұндай жүйелер автоматтандыруға қолайлы әрі энергия шығыны жағынан үнемді. Дегенмен, үздіксіз режимде жұмыс істейтін реакторлар күрделі басқару мен техникалық қызмет көрсетуді талап етеді, себебі кез келген кішігірім ақау бүкіл процесті тоқтатып қоюы мүмкін.

Қолдану саласына қарай, үздіксіз және мерзімді реакторлар әртүрлі артықшылықтарға ие. Мысалы, күрделі көпсатылы реакцияларда немесе аралық өнімдер қажет болған жағдайда мерзімді реакторлар ыңғайлы. Ал үлкен көлемде біртекті өнім шығару қажет болса, үздіксіз реакторлар әлдеқайда тиімді болып табылады. Жүйені автоматтандыру кезінде жұмыс


режиміне байланысты басқару стратегиясы мен техникалық шешімдер де өзгереді.

Автоматтандырылған басқару жүйесін жобалауда реактордың жұмыс режимін ескеру аса маңызды. Мерзімді реакторлар үшін әрбір цикл кезеңіне сәйкес басқару алгоритмдері құрылады, ал үздіксіз реакторларда басқару жүйесі нақты уақыт режимінде әрекет етіп, барлық параметрлердің тұрақты деңгейде сақталуын қамтамасыз етеді. Үздіксіз процестерде тұрақты жағдайды қамтамасыз ету күрделі болғанымен, басқару тиімділігі жоғары әрі өнімділік артады. Сондықтан автоматтандыру жүйесінің құрылымы мен басқару стратегиясын дұрыс таңдау үшін реактор режимдерінің ерекшеліктерін жан-жақты ескерген жөн.

1.2.2 Көлемдік және ағынды реакторлар

Реакторларды конструкциялық және процестік ерекшеліктеріне байланысты көлемдік (batch-type volume reactors) және ағынды (plug flow, continuous flow reactors) типтерге бөлуге болады. Бұл классификация процестің ағым сипатына, зат алмасу механизміне және басқару ерекшеліктеріне негізделеді. Әр типтің өзіндік артықшылықтары мен шектеулері бар, сондықтан олар нақты технологиялық міндеттерге қарай таңдалады.


Көлемдік реакторлар — бір камера ішінде барлық реагенттер араласып, химиялық реакция толық көлемде жүреді. Мұндай реакторларда араластыру біркелкі, ал температура мен концентрация бүкіл көлем бойынша тұрақты болады деп есептеледі. Бұл типтегі реакторлар көбіне мерзімді режимде жұмыс істейді, бірақ кейбір жағдайларда үздіксіз режимде де қолданылады. Көлемдік реакторлар биотехнология, фармацевтика, тағам өндірісі сияқты салаларда сұйық фазалы және ферментациялық процестер үшін жиі пайдаланылады. 1.3-суретте периодты типтегі көлемдік реактор қолданылаған.



1.3 - сурет - Периодты реттегі көлемдік реактор

Ағынды реакторлар (Plug Flow Reactors – PFR) — реагенттер реактор арқылы бір бағытта тұрақты жылдамдықпен өтетін, және әрбір бөлшек реакция аймағынан өту кезінде нақты уақыт ішінде реакцияға түсетін жүйе.

Мұнда араластыру тек реактордың көлденең қимасында жүреді, ал бойлық бағытта араласу жоқ деп есептеледі. Ағынды реакторлардың артықшылығы – реагенттердің нақты экспозиция уақыты, жоғары өнімділік және реакцияның конверсиясын оңтайлы басқару мүмкіндігі. Мұндай реакторлар мұнай өңдеу, газ синтезі және ірі көлемді химиялық өндірістерде кеңінен қолданылады. 1.4-суретте ағынды реактордың сұлбасы бейнеленген.



1.4 - сурет - Ағынды реактордың сұлбасы

Ағынды және көлемдік реакторлар арасындағы негізгі айырмашылық – процестің уақыт бойынша емес, кеңістікте қалай жүруінде. Көлемдік реакторларда барлық реагенттер бір уақытта әрекеттессе, ағынды реакторларда олар реактордың әр нүктесінде әртүрлі кезеңде болады. Бұл ерекшелік басқару жүйесін жобалауда маңызды рөл атқарады: ағынды реакторларда әрбір учаскенің температурасы мен концентрациясын бөлек бақылауға болады, ал көлемдік реакторларда бұл мүмкін емес. Демек, реактор түрін таңдау басқару алгоритмінің күрделілігі мен модельдеу әдістеріне әсер етеді.

1.2.3 Реактор таңдауға қойылатын талаптар

Реакторлардың құрылымы мен жұмыс істеу режимі автоматтандырылған басқару жүйесінің (АБЖ) құрылымына тікелей әсер етеді. Басқару жүйесін құрастыру кезінде қолданылатын алгоритмдер, датчиктер мен атқарушы механизмдер таңдалған реактор түріне сәйкес келуі қажет. Себебі әртүрлі реакторлардың процестік динамикасы, температура мен концентрацияның таралуы, және жауап беру уақыты айтарлықтай өзгеше болады. Химиялық өндіріс процесінде қолданылатын реакторды дұрыс таңдау — бүкіл технологиялық тізбектің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Реактор типі мен оның конструкциялық ерекшеліктері өндірілетін өнімнің сапасына, процестің

экономикалық тиімділігіне, басқару жүйесінің құрылымына және энергия шығынына тікелей әсер етеді. Сондықтан реакторды таңдау кезінде бірқатар техникалық, технологиялық, экономикалық және қауіпсіздікке қатысты талаптар ескерілуі тиіс.

Ең алдымен, реактордың процестің сипатына сәйкестігі басты талаптардың бірі болып табылады. Мысалы, гомогенді немесе гетерогенді реакциялар, экзотермиялық немесе эндотермиялық сипаттағы процестер, фазалардың саны мен күйі — бұлар реактор түрін таңдауда шешуші рөл атқарады. Егер реакцияның жүру механизмі көпсатылы немесе баяу болса, онда ұзақ уақыт аралығын қамтамасыз ететін және реакцияны толық жүргізуге мүмкіндік беретін құрылымды таңдау қажет. Ал жылдам жүретін, жоғары температура немесе қысым талап ететін реакциялар үшін ағынды және қысымға төзімді реакторлар таңдалады. Келесі маңызды талап — реакция кинетикасы мен жылу масса алмасу шарттарына бейімділік. Реактор ішінде қажетті температуралық режимді ұстап тұру, жылу алмасуды тиімді жүзеге асыру, реагенттерді біркелкі араластыру, өнімді өз уақытында шығару — бәрі тиімді өндірістің кепілі. Бұл талаптарды орындау үшін реакторда жылу алмастырғыштар, араластырғыштар, каталитикалық қабаттар немесе салқындатқыш жүйелер болуы мүмкін. Реактордың ішкі геометриясы да процестің жылу және масса тасымал қасиеттеріне сай жобалануы тиіс. Реактор таңдауға қойылатын келесі талап — басқару жүйесіне икемділігі мен сәйкестігі. Яғни, реакторда орнатылатын датчиктер, басқару клапандары, ағын реттегіштер, температура мен қысымды өлшейтін құрылғылар басқару жүйесіне жеңіл біріктірілуі тиіс.

Сонымен қатар, реактор нақты уақытта өлшенетін мәліметтерге тез жауап беруге және тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беруі қажет. Қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйелер модельге негізделген басқару алгоритмдерін қолданатындықтан, реактордың процестік параметрлерінің алдын ала математикалық сипаттамалары (динамикалық модельдер) болуы да маңызды. Тағы бір маңызды аспект — қауіпсіздік талаптары. Реактор жоғары температура мен қысым жағдайында жұмыс істейтін болса, онда оның конструкциясы қауіпсіздік стандарттарына сай келуі керек. Бұл, мысалы, артық қысым кезінде автоматты өшіру жүйесінің болуы, апаттық сигнал беру, жарылысқа төзімді корпуспен жабдықталуы сияқты талаптарды қамтиды. Сонымен қатар, апаттық жағдайлардың алдын алу үшін реактор материалы коррозияға төзімді, берік және химиялық әсерге шыдамды болуы керек. Сондай-ақ, реактордың экономикалық тиімділігі де ескерілуі тиіс. Реактордың бастапқы құны, техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындар, энергия тұтыну деңгейі және жөндеу аралық уақыты өндірістің жалпы шығындарына әсер етеді. Сондықтан таңдауда ұзақ мерзімді пайдалану мен техникалық қызметке ыңғайлылық секілді факторлар да назарға алынады.

Кесте 1.1 – Реакторды таңдауға әсер ететін факторлар кестесі

Талап	Сипаттамасы	Маңыздылығы
Реакция түрі	Гомогенді/гетерогенді	Жоғары
Қысым және температура	Жоғары/төмен	Орташа
Басқару жүйесімен байланысы	PLC, PID, MPC	Жоғары
Экономикалық тиімділік	Бағасы, қызмет ету мерзімі	Жоғары

1.3 Реакторлық қондырғының құрылымдық схемасы

1.3.1 Қондырғы элементтері мен олардың өзара байланысы

Реакторлық қондырғы — бұл химиялық немесе физикалық процестерді басқаруға арналған кешенді жүйе. Оның негізгі мақсаты – қажетті өнімді жоғары тиімділікпен және қауіпсіздікпен алу. Қондырғы бірнеше негізгі элементтерден тұрады және олардың әрқайсысы белгілі бір функцияларды атқарады. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және біртұтас автоматтандырылған басқару жүйесінде үйлесімді жұмыс істеуі қажет.

Қондырғының негізгі элементтері:

- реактор (технологиялық аппарат) – негізгі технологиялық процесс (мысалы, химиялық реакция) өтетін орын. Ол әртүрлі түрге бөлінуі мүмкін: үздіксіз немесе периодты, араластырылатын немесе араластырылмайтын;

- шикізат беретін жүйе – бұл жүйе бастапқы реагенттерді реакторға дәл мөлшерде және қажетті параметрлермен (қысым, температура, шығын) жеткізеді. Оған сорғылар, шығын өлшегіштер, клапандар кіреді;

- жылуалмасу жүйесі (жылытқыш/салқындатқыш) – реакторда жүретін процестің температуралық режимін ұстап тұруға арналған. Бұл жүйе реактордың ішінде немесе сыртында орналасуы мүмкін және жылу алмастырғыш, термостат, салқындатқыш контурлардан тұрады;

- өнімді шығару және бөлу жүйесі – реакция нәтижесінде алынған қоспаларды бөліп, дайын өнімді жинауға арналған. Бұл жүйеге сепараторлар, сүзгілер, және буферлік резервуарлар кіреді;

- бақылау және өлшеу құралдары – процестің негізгі параметрлерін (температура, қысым, концентрация, шығын, деңгей) үздіксіз өлшеп, деректерді басқару жүйесіне жеткізеді. Бұл датчиктер, сигнал түрлендіргіштер және автоматты басқару құрылғыларын қамтиды;

- басқару және автоматика жүйесі (АБЖ) – барлық процесстердің үйлесімділігін қамтамасыз ететін орталық жүйе. Ол контроллерлерден (мысалы, Siemens Simatic), операторлық панельдерден және бағдарламалық қамсыздандырудан тұрады. 1.5-суретте химиялық реактордың блок схемасы көрсетілген.



1.5 - сурет - Химиялық реактордың блок схемасы

Құрылымдық схемада жоғарыда аталған элементтер графикалық түрде бейнеленіп, олардың арасындағы логикалық және физикалық байланыстар көрсетіледі. Мұндай схема жобалау мен модельдеу процесінде шешім қабылдауды жеңілдетеді.

Реакторлық қондырғы – бұл күрделі технологиялық жүйе, оның көмегімен химиялық, термиялық немесе физика-химиялық процестер белгілі бір ретпен, параметрлермен және өнімділікпен жүзеге асырылады. Қондырғының тиімділігі оның құрамындағы жеке элементтердің үйлесімділігіне және басқару жүйесінің сенімділігіне тікелей байланысты.

Құрылымының негізгі элементтері мен олардың сипаттамасы:

Шикізат қабылдау және дайындау блогы

Бұл блокта бастапқы реагенттер қабылданып, қажет жағдайда алдын ала өңдеуден (фльтрация, қыздыру, араластыру, қысым орнату) өтеді. Бұл процесте шығын өлшегіштер, қысым реттегіштер және датчиктер пайдаланылады.

Дозалау және беру жүйесі Реагенттердің дәл мөлшерін реакторға беру үшін қажет. Мұнда шиберлі немесе шарлы клапандар, электромагниттік реттегіштер, көлемдік немесе массалық шығын өлшегіштер орнатылады. Жүйе АБЖ арқылы басқарылады.

Реакторлық бөлік (негізгі технологиялық аппарат) Бұл бөлімде негізгі химиялық реакциялар немесе басқа технологиялық процестер жүреді. Реакторлардың түрлері:

- үздіксіз әрекеттегі реактор (CSTR);
- периодтық әрекеттегі реактор;
- құбыр тәрізді реакторлар;
- реактор ішіндегі параметрлер (t , p , концентрация) нақты басқаруды қажет етеді.;
- Жылуалмасу жүйесі.

Процесстің жылулық режимін тұрақтандырып отыру үшін реактор қабырғасында немесе бөлек орналасқан жылу алмастырғыштар пайдаланылады.

Қыздырғыштар (электрлік, бу арқылы).

Салқындатқыштар (суды немесе басқа салқындатқыш заттарды пайдалану). Бұл жүйе температура реттегіштер мен датчиктер арқылы автоматтандырылған.

Араластыру жүйесі (егер қажет болса)

Біртекті реакциялық орта қамтамасыз ету үшін механикалық немесе пневматикалық араластырғыштар пайдаланылады. Олардың айналу жылдамдығы да АБЖ арқылы реттеледі.

Өнімді бөлу және жинау жүйесі

Реакциядан шыққан қоспалар сепараторлар, сүзгілер және тұндырғыштар арқылы өңделіп, дайын өнім жиналады. Қосымша фаза бөлгіштер, абсорберлер және конденсаторлар да қолданылуы мүмкін.

Автоматты басқару жүйесі (АБЖ)

Барлық процесс параметрлерін бақылау, басқару және реттеу функцияларын орындайды. Негізгі элементтері:

Программаланатын логикалық контроллерлер (PLC);

Датчиктер мен орындаушы механизмдер (кері байланыс қамтамасыз ету үшін);

Адам-машина интерфейсі (HMI, SCADA);

Программалық қамтамасыздандыру (мысалы, Siemens Simatic, MATLAB, LabVIEW).

АБЖ арқылы процестің қауіпсіздігі, тұрақтылығы және тиімділігі қамтамасыз етіледі.

1.3.2 Технологиялық процестің логикалық құрылымы

Автоматтандырылған басқару жүйесін (АБЖ) құру барысында ең маңызды кезеңдердің бірі – бүкіл технологиялық процесті логикалық тұрғыдан құрылымдау. Бұл құрылым технологиялық операциялардың бірізділігі мен өзара байланысын, ақпараттық және басқарушы сигналдардың ағынын, сондай-ақ объект элементтерінің өзара әрекеттесу тәртібін көрсетеді. Логикалық құрылым технологиялық жүйенің ішкі логикасын түсінуге және оны тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Технологиялық процестің логикалық құрылымы негізінен процестің негізгі кезеңдері мен операцияларын, олардың өзара байланысын, басқару объектілері мен басқарушы элементтердің әрекетін сипаттайды. Мысалы, химиялық реактор жағдайында мұндай құрылым келесі элементтерді қамтуы мүмкін: бастапқы реагенттерді беру, араластыру, реакция жүргізу, температура мен қысымның бақылануы, өнімді бөлу және шығару. Бұл элементтердің барлығы белгілі бір тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады.

Логикалық құрылым алгоритмдік логика арқылы ұсынылады. Яғни, әрбір операцияның орындалуы белгілі бір шартқа тәуелді болады. Мұндай логика «егер – онда» (IF – THEN) түріндегі операторлар арқылы бейнеленуі мүмкін. Мысалы:

- егер температура 80 °C-тан жоғары болса, салқындату жүйесін іске қосу.
- егер қысым 5 бар-дан асса, апаттық клапанды ашу.
- егер реакция толық жүрсе (датчиктен сигнал келсе), өнімді шығару операциясын бастау.

1.2-кестеде процестегі логикалық әрекеттер тізімінің түрлері көрсетілген. Осындай логикалық құрылым автоматтандырылған жүйені жобалау кезінде контроллерлерге (PLC) немесе микропроцессорлық басқару жүйелеріне енгізілетін бағдарламаның негізі болып табылады. Бұл бағдарламаларда барлық логикалық байланыстар диаграмма немесе алгоритм түрінде жазылады.

Кесте 1.2 – Процестегі логикалық әрекеттер тізімі

Операция	Қозғалтқыш элемент	Шарт	Келесі қадам
Реагенттерді беру	Сорғы	Уақыт басталғанда	Араластыру
Араластыру	Араластырғыш	Барлық реагент берілді	Температураны көтеру
Температураны бақылау	Жылытқыш/Салқындатқыш	$T \geq 80\text{ }^{\circ}\text{C}$	Реакцияны бастау
Реакция процесі	Реактор	ТР сәйкес келгенде	Өнімді шығару

Технологиялық процесті басқаруда логикалық құрылымның рөлі ерекше. Бұл құрылым өндірістегі әрбір әрекеттің орындалу тәртібін нақты анықтап, операциялар арасындағы себеп-салдар байланысын көрсетеді. Сонымен қатар, логикалық құрылым көмегімен автоматтандырылған жүйенің барлық компоненттері – контроллерлер, сенсорлар, атқарушы механизмдер, оператор панельдері – өзара келісімді жұмыс істейді. Басқару жүйесіндегі дәлдік пен сенімділік осы құрылымның қаншалықты дұрыс жобаланғанына тікелей байланысты.

Технологиялық процестің логикалық құрылымы келесі мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет:

- нақты және алдын ала жоспарланған алгоритм бойынша процесті басқару;
- адам факторын азайту, операторлық қателіктерді болдырмау;
- қауіпсіздік шараларын автоматты түрде іске қосу;
- жүйенің түрлі жағдайларда қалай әрекет ететінін имитациялық моделдеу арқылы тексеру;
- жабдықтардың қызмет ету мерзімін ұзарту және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Логикалық құрылым көп жағдайда алгоритмдік модельдер, блок-схемалар, функционалдық диаграммалар түрінде ұсынылады. Мұндай графикалық модельдер автоматты басқару жүйесінің ішкі логикасын анық көрсетіп, инженерлер мен бағдарламашыларға басқару алгоритмін түсінікті етіп жеткізеді.

Мысал ретінде қарапайым реакторлық жүйенің логикалық құрылымын қарастырайық:

- жүйе іске қосылғанда бастапқы шарттар тексеріледі: температура, қысым, реагент деңгейі.
- егер барлық параметрлер қалыпты болса, реагент беру сорғылары қосылады.
- содан соң араластыру құрылғысы іске қосылады.
- реакция басталған кезде температура мен қысым автоматты түрде бақыланады.
- реакция аяқталғаннан кейін өнім шығару клапаны ашылады.
- барлық кезеңдер арасында логикалық «жасыл» сигналдар (ақпараттық командалар) беріледі.

Мұндай логикалық реттелген жүйе авариялық жағдайларда да алдын ала жоспарланған жауап реакцияларын қамтамасыз етеді. Мысалы, егер температура белгіленген шектен асып кетсе, реактор автоматты түрде өшіріледі және апаттық салқындату жүйесі қосылады.

1.4 Негізгі технологиялық параметрлер мен олардың әсері

1.4.1 Температура , қысым және концентрация

Реакторлық процестерді тиімді және қауіпсіз жүргізу үшін негізгі технологиялық параметрлерді – температураны, қысымды және реагенттер концентрациясын – дәл және тұрақты деңгейде ұстап тұру қажет. Бұл параметрлер реакция жылдамдығына, өнімнің сапасына, жүйенің тұрақтылығына және экономикалық тиімділікке тікелей әсер етеді. Әрбір параметрдің оңтайлы мәні белгілі бір химиялық реакцияның кинетикасына, термодинамикалық шарттарына және құрал-жабдық мүмкіндіктеріне байланысты анықталады.

Температура – реакцияның жылдамдығына ең көп әсер ететін фактор. Температура артқан сайын молекулалардың кинетикалық энергиясы жоғарылап, соқтығысу жиілігі артады, соның нәтижесінде реакция тез жүреді. Алайда температураның шамадан тыс жоғары болуы катализатордың белсенділігін төмендетуі, жабдықтардың тозуына алып келуі немесе жағымсыз жанама реакциялардың тууына себеп болуы мүмкін. Сондықтан реакторда температураны басқару үшін жылытқыштар, салқындатқыштар және арнайы температура реттегіштері қолданылады.


Қысым да реакция тепе-теңдігіне және жылдамдығына әсер етеді, әсіресе газ тәрізді заттар қатысатын реакциялар үшін. Лей-Шателье принципі

бойынша, жүйедегі қысымды арттыру тепе-теңдікті молекула саны аз бағытқа ығыстырады. Бұл – өнім шығымын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда жоғары қысым жағдайында қауіпсіздік мәселелері туындайды. Осы себепті автоматтандырылған басқару жүйесінде қысымды үнемі бақылап отыратын сенсорлар мен апаттық қорғаныс клапандары болуы тиіс.

Концентрация – реагенттердің мөлшерлік қатынасы мен олардың жүйеде орналасу тығыздығын сипаттайды. Реакция жылдамдығы реагенттердің концентрациясына пропорционал (массалық әсер заңына сәйкес). Сондықтан концентрацияны реттеу арқылы реакцияны жылдамдатуға немесе баяулатуға болады. Өнімнің сапасы мен шығымын арттыру үшін бастапқы заттардың концентрациясын нақты деңгейде ұстап тұру маңызды. Мұны автоматты дозаторлар және сенсорлық бақылау жүйелері арқылы жүзеге асыруға болады.

